

**№44 «Үркер» балабақшасының қамқоршылық кеңесі
отырысының
№1 хаттамасы**

Өткізілген күні: 10.09.2025 жыл

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Н.К. Бахтиярова

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: 7 адам

Хатшы: М.С. Жангужина

Күн тәртібі:

1. 2025-2026 оқу жылына Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамын бекіту.
2. Қамқоршылық кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылап, бекіту.

1-мәселе бойынша:

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Ж.А.Сарсебаева балабақшада ұйымдастырылып жатқан қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтып өтті.

Балабақша меңгерушісі кеңес мүшелеріне Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамын ұсынды. Құрамға ата-аналар комитетінің өкілдерінен белсенді мүшелер енгізілді.

Шешім қабылдау барысында: Ұсынылған тізім талқыланып, бірауыздан бекітілді.

ШЕШІМ ЕТІЛДІ:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамын төмендегідей бекіту:

№	Ата-ананың аты-жөні	Жауапты	Жұмыс орны
1	Бахтиярова Назима Курмангазыевна	Қамқоршылық кеңес төрайымы	Дәрігер
2	Бек Ботакоз Бекқызы	Қамқоршылық кеңесінің мүшесі	Специалист
3	Курумбаева Фариза Бакытжановна	Қамқоршылық кеңесінің мүшесі	Мұғалім
4	Тажиева Арайлым Батырханқызы	Қамқоршылық кеңесінің мүшесі	Менеджер по туризму

5	Бабашова Акжайык Туркменбаевна	Қамқоршылық кеңесінің мүшесі	Есепші
6	Жангужина Макпал Сарбаевна	Қамқоршылық кеңесінің мүшесі	Экономист
7	Мынбаева Дана Жандосовна	Қамқоршылық кеңесінің мүшесі	Сатушы

2-мәселе бойынша:

Тыңдалды: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы жылдық жұмыс жоспарының жобасымен таныстырды. Жоспарда кеңестің негізгі бағыттары, ай сайынғы іс-шаралар, ата-аналармен және қоғамдастықпен бірлескен жұмыстар қамтылған.

Талқылау барысында: Кеңес мүшелері жоспарға қосымша ұсыныстар енгізді: Балабақша ауласын көгалдандыру жұмыстарын көктемде ұйымдастыру; Балалардың тамақтану сапасын атұрақты бақылау жүргізу.

ШЕШІМ ЕТІЛДІ:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспары талқыланып, толықтырулармен бекітілсін.
2. Кеңес мүшелеріне жоспардағы іс-шаралардың орындалуын камтамасыз ету тапсырылсын.
3. Кеңес төрайымына және хатшысына іс-шаралардың орындалу барысын тоқсан сайын талдап отыру жүктелсін.

Төрайым: Н.К. Бахтиярова

Хатшы: М.С. Жангужина

Қатысқандардың қолдары:

1. Бабашова
2. Жангужина
3. Мынбаева
4. Жангужина
5. Жангужина
6. Жангужина
7. Жангужина